

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 тамыз N 1181

"Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі

Z990357\_

Заңының 24-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872

P991872\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 530-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасында:

"IV Шығыстар" бөлімінде:

6 "Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобында:

1 "Әлеуметтік қамсыздандыру" ішкі функциясында:

213 "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" мемлекеттік мекемесінде:

32 "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасында:

7 "ҰОС мүгедектері" ішкі бағдарламасы бойынша "1 633 055" деген сан "1 307 515" деген санмен ауыстырылсын;

8 "ҰОС қатысушылар" ішкі бағдарламасы бойынша "2 664 131" деген сан "2 088 223" деген санмен ауыстырылсын;

9 "ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдар" ішкі бағдарламасы бойынша "377 100" деген сан "490 893" деген санмен ауыстырылсын;

13 "ҰОС қатысушыларға теңестірілген адамдар" ішкі бағдарламасы бойынша "355 640" деген сан "509 435" деген санмен ауыстырылсын;

14 "ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлері" ішкі бағдарламасы бойынша "208 330" деген сан "202 775" деген санмен ауыстырылсын;

15 "Қаза болған әскери қызметшілердің және ішкі істер органдарының

қызметкерлерінің отбасылары" ішкі бағдарламасы бойынша "90 599" деген сан "119 814" деген санмен ауыстырылсын;

16 "Қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдері (күйеулері)" ішкі бағдарламасы бойынша "226 093" деген сан "252 671" деген санмен ауыстырылсын;

17 "ҰОС жылдарында жанқиярлық еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін ордендер мен медальдармен наградталған адамдар" ішкі бағдарламасы бойынша "179 853" деген сан "201 883" деген санмен ауыстырылсын;

18 "1 және 2-топтардағы мүгедектер" ішкі бағдарламасы бойынша "3 305 587" деген сан "2 989 281" деген санмен ауыстырылсын;

19 "3-топтың мүгедектері" ішкі бағдарламасы бойынша "499 359" деген сан "519 558" деген санмен ауыстырылсын;

20 "16 жасқа дейінгі мүгедек балалар" ішкі бағдарламасы бойынша "296 072" деген сан "322 827" деген санмен ауыстырылсын;

21 "Ақталған азаматтар" ішкі бағдарламасы бойынша "598 650" деген сан "584 492" деген санмен ауыстырылсын;

22 "Ерекше қызметі үшін зейнетақы алатын адамдар" ішкі бағдарламасы бойынша "67 722" деген сан "29 887" деген санмен ауыстырылсын;

23 "Көп балалы аналар" ішкі бағдарламасы бойынша "3 090 284" деген сан "3 973 221" санмен ауыстырылсын;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Икебаева А.Ж.